

Кеден Одағы елдерімен сыртқы сауда жөніндегі статистикалық есептілік нысандары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 маусым N 694. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Кеден Одағының құрылуына байланысты және кеден Одағын құру жағдайындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің арасындағы экспорт-импорт операцияларын статистикалық байқау үйлесімділігі жөніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Статистика комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кеден Одағы елдерінің арасындағы сыртқы сауда операцияларын статистикалық байқау үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерге Кеден Одағының құрылуы аяқталған сәттен бастап сыртқы сауда жөнінде 1, 2-қосымшаларға сәйкес статистикалық есептілік нысаны мен Кеден Одағы елдері аумағынан шығатын және осы аумақтар шегінде араласатын тауарларға қатысты кеден процедураларын алып тастау енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Кеден Одағы елдерімен сыртқы сауда жөніндегі статистикалық есептіліктің аталған нысандарына сәйкес статистикалық көрсеткіштерді жинау және өңдеуді 1996 жылға көзделген қаражат шегінде ұйымдастырсын.

3. Сыртқы сауда операциясын жүзеге асырушы заңды тұлғалар Кеден Одағы елдерімен сыртқы сауда жөніндегі статистикалық есептіліктің аталған нысандарының енгізілген сәтінен бастап Кеден Одағы елдері аумағынан шығатын және осы аумақтар шегінде араласатын тауарларға қатысты ақпаратты статистика органдарына дер кезінде ұсынуды қамтамасыз етсін.

Заңды тұлғалар Кеден Одағы елдерімен сыртқы сауда жөніндегі статистикалық есептілікті белгіленген заң тәртібімен дер кезінде және сапалы ұсынуға жауапкершілікте болады.

4. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі 1997 жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде Кеден Одағы елдерімен сыртқы сауда жөніндегі статистикалық есептілік мәліметтерін жинау және өңдеуді қаржыландыруды көздерінен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 5 маусымдағы

№ 694 қаулысына

1-қосымша

Тауарларды Кеден Одағы елдеріне әкету туралы есеп

Жөнелтуші	N	Әкету	Кезең
Тіркеу N			
Сыртқы сауда операцияларына делдалдық жөніндегі агенттік	N	Тағайындалған ел	Тағайындалған ел коды
Тіркеу N			
Тасымалдау түрі		Беріп тұру жағдайы	Мәміле сипаты
		Тауар	Тауар коды
		Жалпы салмағы (кг)	Таза салмағы (кг)
		Қосымша өлшем бірлігі	
		Статистикалық құны	
		Ұлттық валюта бір.	АҚШ доллары

Ескерту. Толтырылған бланк ай сайын есептілік кезеңінен кейінгі 5-ші жұмыс күні статистика органдарына жіберіледі.

Бланктің толтырылған орны мен күні

Басшының қолы

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1996 жылғы 5 маусымдағы
 N 694 қаулысына
 2-қосымша

Тауарларды Кеден Одағы елдеріне әкелу туралы есеп

Алушы	N	Әкелу	Кезең
Тіркеу	N		
Сыртқы сауда операцияларына делдалдық жөніндегі агенттік	N	Жіберетін ел	Жіберетін ел коды
Тіркеу	N		
Тасымалдау түрі		Беріп тұру жағдайы	Мәміле сипаты
		Тауар	Тауар коды
		Жалпы салмағы (кг)	Таза салмағы (кг)
		Қосымша өлшем бірлігі	
		Статистикалық құны	
		Ұлттық валюта бір.	АҚШ доллары

Ескерту: Толтырылған бланк ай сайын есептілік кезеңінен кейінгі 5-ші жұмыс күні статистика органдарына жіберіледі.

Бланктің толтырылған орны мен күні
 Басшының қолы

